

**«Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған
орталықтарды жарақтандыру»
қайырымдылық жобасы (бұдан әрі - Жоба)**

Жоба мақсаты:

8 орталықты аутизм және басқа да менталды бұзылыстары бар балаларға арналған материалдық-техникалық жабдықтау, инфрақұрылымды дамыту және орталық қызметкерлерін оқыту.

2022 жылға арналған Жоба бюджеті:

1 018 420 576 теңге

Жобаны іске асыру мерзімі мен кезеңдері:

Жобаның басталуы – 2022 ж. мамыр айы.

Жобаның аяқталуы – 2023 ж. наурыз айы

Жоба 8 қалада жүзеге асырылуда: Алматы, Шымкент, Қостанай, Тараз, Өскемен, Ақтөбе, Талдықорған, Павлодар

Жобаны іске асыру бойынша серіктестер:

- «Қамқорлық Қоры» КҚ - жобаның бастамашысы, мамандарды оқытуды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

- «Самрұқ-Қазына Траст» КҚ - жоба бойынша материалдық-техникалық жарақтандыру бөлігінде бірлесіп қаржыландыруды жүзеге асырады.

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - Жобаны іске асыру мәселелерінде өңірлік жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады. Орталықтардың жұмыс істеуіне қатысты құқықтық мәселелерді шешу.

- Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері – инфрақұрылымды іріктеуді, орталықтарды жөндеуді қаржыландыруды, орталықтарда жұмыс істеу үшін кадрларды іріктеуді жүзеге асырады.

«Қазақстан Халқына» ҚҚ-ның осы Жоба шеңберінде қатысуы 8 орталықты «Samruk-Kazyna Trust» КҚ-мен бірлесіп жабдықтармен және жиһазбен материалдық-техникалық жарақтандыру бөлігінде көзделген.

Қайырымдылық көмек алушылардың мақсатты тобы:

- 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі аутизм және басқа да психикалық ауытқулары бар, мүгедектігі бар балалар және олардың отбасылары;

Негіз:

ДДҰ деректері бойынша бүкіл әлемде 160 баланың 1 баласында аутистік спектрдің (бұдан әрі - АСБ) бұзылулары бар. Ал Қазақстанда АСБ бар балалар саны бойынша нақты статистика жоқ. ҚР Білім министрлік деректері бойынша 4 жыл ішінде қазақстандық балаларда аутистік спектрдің бұзылуының 2,3 есе өсуінің айқын жағдайлары болды (2017 жылы – 3820, ал 2021 жылы – 8796).

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының деректері бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АСБ – мен динамикалық бақылауда 4887 пациент тұр, ал жеті жыл ішінде аутизммен ауыратын балалар саны бес есе өсті: 2015 жылы – 228, ал 2021 жылы - 1184.

Аурушаңдықтың өсуін ескере отырып, жыл сайын РАБ және басқа да менталды бұзылыстары бар балалар үшін инфрақұрылым құру қажеттілігі ұлғаюда. *Аутизмі және*

*басқа да менталды бұзушылықтары бар адамдарды кешенді сүйемелдеуді дамыту қажеттілігі адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Бала құқықтары туралы Конвенцияның, мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның ережелерімен, өмір сүру үшін қолайлы және тілектестік орта құру, білім беру, медицина, халықты, даму ерекшеліктері бар балаларды әлеуметтік қорғау саласында көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету бөлігінде негізделген. Қазақстанда жеңіл АСБ және жеңіл менталды бұзылулары бар балалар үшін білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу үшін белгілі бір орта құрылған (мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттерін, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттерін ашу), ал ауыр сырқаттары мен кемістігі бар балалардың ата-аналары өз проблемаларымен жалғыз қалатын болса, мұндай отбасылардың көбі мамандардың болмауына немесе осындай қымбат қызметтерге қаражаттың болмауына байланысты білікті көмекке қол жеткізе алмайды. **Бұл проблема АСБ бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар арасында аса өткір мәселе ретінде көтеріліп отыр және әлеуметтік шиеленістің себептерінің бірі болып табылады.** Осыған байланысты халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде аутизмі және басқа да менталды бұзылыстары бар балаларға арналған орталықтар ашу өзекті болып отыр. Әлеуметтік қорғау жүйесінде орталықтар ашу АСБ ауыр түрлерімен ауыратын балаларға ұзақ мерзімді көмек көрсетуге мүмкіндік береді.*

Қазіргі уақытта аутизмі бар балалар түзету кабинетіне немесе оңалту орталығына **алты айдан екі жасқа дейін** кезек күтуге мәжбүр. Бұл ретте түзету көмегі қысқа мерзімде үш аптадан үш айға дейін көрсетіледі, бұл тиісті нәтиже бермейді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балалардың мұндай санаттарына көмек, қолдау және түзету өмір бойы үздіксіз көрсетілуі керек.

Қазақстанның денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларында АСБ бар балалармен жұмыс істеудің белгілі бір стандарттары болмағандықтан және балалар мен олардың ата-аналарына тиімді және уақтылы көмек пен қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін бірыңғай тәсіл болмағандықтан, **Жоба шеңберінде орталықтардың жұмыс істеуінің бірыңғай Концепциясы әзірленді.** Құрылған орталықтар Моделинің негізіне Американың үш жетекші Emory Autism Center (Атланта,) Marcus Autism Center (Атланта), The Center for Autism and Developing Brain (Нью-Йорк) орталықтарының жұмыс істеу тәжірибесі алынды. Концепцияда орталықтарды құрудың әдіснамалық тәсілдері, көмек бағдарламалары, орталықтың жұмысын ұйымдастыру (күн тәртібі, балаларды бөлу, оқыту форматы, орталықты жарактандыру, штат кестесі және т.б.), сондай-ақ орталық мамандарын оқыту бағдарламалары көрсетілген.

Қысқаша сипаттамасы:

Қазіргі уақытта Жоба шеңберінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, коммуналдық меншікте АСБ-мен аса көп балалы және еркін инфрақұрылымы бар (ауданы кемінде 2000 шаршы метр ғимараттар/үй-жайлар) 8 өңір іріктелді: Алматы облысы (447 бала), Ақтөбе облысы (425 бала), Шығыс-Қазақстан облысы (597 бала), Жамбыл облысы (238 бала), Қостанай облысы (215 бала), Павлодар облысы (286 бала), Алматы (523 бала) және Шымкент (222 бала). Барлық өңірлерде инфрақұрылым іріктеліп алынды, әкімдіктер орталықтарды ашу үшін ҚМУ құруда, жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама дайындалуда, оқыту үшін мамандарды қабылдау басталды. **Жыл сайын 8 орталықтың әрқайсысында 125 бала кешенді қызмет алады** деп күтілуде. **Жалпы аутизммен және басқа да менталды ауытқулармен 1000 бала қамтылады.**

Жарактандырылатын орталықтардың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін жұмыс істеп тұрған ұйымдардан айрықша ерекшеліктері мыналар болып табылады:

Бірінші. **Көрсетілетін көмектің кешенді сипаты.** Түрлі бейінді мамандардың қызметтерін енгізу (АВА-терапия, сенсорлық интеграция, балама коммуникация, эрготерапия, кинезиотерапия). Бұл ата-аналардың дұрыс маман іздеуге кететін қаржылық

және уақыттық шығындарын болдырмайды. Өртүрлі бейінді мамандар бала туралы толық ақпаратқа ие болады.

Екінші. Көмекті ұйымдастыруға отбасылық-орталықтанған тәсіл. Ата-аналарды баламен жұмыс істеуге белсенді тарту. Бүгінгі таңда мамандардың күш-жігері тек бала күтімі бойынша жұмысқа шоғырланады, ал отбасы тәрбие жұмысынан толығымен жойылады.

Үшінші. АСБ бар балаларға ерте көмек көрсету. Ерте араласу баланың дамуына көптеген салаларда, соның ішінде зияткерлік қабілеттерде, бейімделу мінез-құлқында, сәтті әлеуметтенуде және баланы білім беру ортасына енгізуде, содан кейін қоғамға кірігуде оң әсер етеді.

Төртінші. Балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесу, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, сондай-ақ мінез-құлықтың қажетсіз түрлерімен жұмыс істеуге баса назар аударылады. Халықаралық ғылыми-дәлелді әдістемелерді (АВА-терапия, сенсорлық интеграция, ТЕАССН және т. б.) қолдану, сондай-ақ аутизмнің ауыр түрлерімен және мінез-құлқы бұзылған балаларға арналған арнайы бағдарламалар әзірлеу. Бұл бүгінгі күні үйде қызмет көрсетілетін және қажетті қызметтердің толық кешенін алмайтын балаларды орталыққа қабылдауға мүмкіндік береді.

Бесінші. Орталық базасында әлеуметтік қорғау мамандарын оқыту. Кәсіби білім мен дағдыларды тарату функциясы (өртүрлі ғылыми салалардағы технологиялар мен тәжірибелердің кең ауқымы), сондай-ақ болашақта зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Жоба аясында мамандарды оқыту қарастырылған. Мамандарды оқыту жобаны жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, өйткені қазіргі уақытта АСБ бар балаларға және олардың отбасыларына көмек көрсететін мамандар (психологтар, дефектологтар, логопедтер, әлеуметтік қызметкерлер және басқалар) жеткілікті білім мен тәжірибеге ие емес. Қазақстанда мінез-құлық талдаушылары, эрготерапевтер, логопед-реабилитологтар, ҚҚҚ нұсқаушылары, тьюторлар, баламалы коммуникация мамандары және т.б. сияқты мамандардың саны шектеулі. Мұндай мамандардың болуы алғаш рет аутизмі бар балаларға арналған мемлекеттік орталықтарда көзделетін болады.

Бағдарлама аутизмі және басқа да менталды ауытқулары бар балаларды оңалту саласында Ресей, Канада елдерінің отандық және шетелдік сарапшыларымен курстарды, тренингтерді, көшпелі семинарларды қарастырады. Оқумен Нұрсұлтан Назарбаев Қорының қаражаты есебінен 700 маман қамтылатын болады.